

**СТУДЕНТТИК-ОРТАЛЫҚ-
ТАНДЫРЫЛҒАН
БІЛІМ АЛУ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
МАГИСТРАНТТАРДЫҢ
БІЛІМІН БАҒАЛАУ
ӘДІСТЕРІ**

Гуманитарлық пәндерді оқытудың формалары мен әдістерін жетілдіру мәселелері, олардың үнемі жанаруы, өмірдің жаңа жағдайларына бейімделуі соңғы кездері жоғары білім берудің өзекті мәселелері қатарында қарастырылмайды. Қазіргі кездегі ақпараттандыру, интерактивті өзара әрекеттесу сынды аумақтық үрдістер контекстінде жана білім беру ортасын қалыптастыру жағдайында бұл мәселе теория мен практиканың өзара байланысы тұрғысынан шешуді талап етеді.

Бұл мақалада кредиттік-модульдік оқыту жүйесі жағдайындағы аймақтану және халықаралық қатынастар мамандығы бойынша магистранттардың білімін бағалау модельдері және бақылау жүргізуде қолданылатын әдістерді жүйелеуге және жіктеуге талпыныс жасалды, дәстүрлі формалар мен пәнді оқыту әдістерінің өзара әрекеттесуі қарастырылды.

Магистранттарды оқыту барысында білім беру саласында ғылыми зерттеу және педагогикалық қызметтің кеңейтілген өрісін болжайтын кәсіби біліктілікті бағалау, дағды мен икемділікті дамыту деңгейі айқындалды. Магистратурада оқытуда магистранттар қазіргі кездегі халықаралық қатынастарды кешенді, жүйелі қарастыруды, қазіргі халықаралық және аймақтық қарым-қатынастардағы мәселелер мен үрдістердің мән маңызын түсіндіру, ұлттық мемлекеттің сыртқы саясатын және аймақтық бірлестіктерді қазіргі халықаралық қатынастар контекстінде талдауды қалыптастыруға бағытталған.

Кредиттік-модульдік оқыту жүйесі жағдайында басты назар магистранттардың өзіндік жұмысын тиімді ұйымдастыруға аударылуы тиіс.

Білім беруге қазіргі көзқарастан шыға отырып, Л.К. Наумова, О.В. Акулованың ізімен, өзіндік жұмысты біз оны жоспарлауда оқытушының серіктес қатысуында және нақты нәтижеге қол жеткізуді бағалаудағы нақты жүйеде жүзеге асырылатын, кәсіби білім беру бағдарламаны меңгеру бойынша студенттің оқу-танымдық қызметінің түрі деп есептейміз [1].

Ұтымды ұйымдастырылған бақылау оқытушыға өзінің қызметін талдауға, дер кезінде кемшілікті байқап, оны жоюдың жолдарын іздеуге, жеке жұмысты жоспарлауға мүмкіндік береді. МӨЖ мынадай міндеттерді шешуге негізделуі тиіс:

– шығармашылық ойлауды дамыту;

– аудиториялық сабақтар оқу уақытын тиімді пайдалану;

– зерттеу жұмысында негізгі әдістерді игеру;
– магистранттар өзіндік жұмыс арқылы, өзіне тәжірибе алу және кәсіби дағдыларды меңгеру.

Магистранттардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруда дәстүрлі де, инновациялық оқыту әдістемесі белсенді түрде қолданылады. Оқыту барысында пәннің мақсаттары, міндеттері мен мазмұнына байланысты өзіндік жұмыстың келесі түрлерін қолдануға болады:

– өзіндік дәрістік материалдарды талқылау;
– портфолио дайындау;
– стендтік сессия дайындау;
– аудиториялық сабақ кезінде қарастырылмаған бірақ силлабуста көрсетілген (өзіндік жұмыс) жекелеген тақырыптар мен мәселелерді өз бетінше зерделеу;

– іс тәжірибелік және семинарлық сабақтарға дайындалу;

– бақылау жұмыстары, тест және басқа да формадағы ағымдағы бақылауға дайындалу,;

– мақала материалдары негізінде немесе өзге де мәселелер бойынша аналитикалық шолулар, зерттеулер, рефераттар жазу;

– презентацияларды дайындау;
– конвенциялар, шарттар және т. б. талдау;
– семинарлық сабақтарда, коллоквиумдарда, конференцияларға, конкурстарға және т.б. сөз сөйлеуге ауызша дайындалу;

– пікірталас жүргізу, пресс-конференциялар, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру және т. б.

Бағалау шкаласын анықтау үшін, курста ерекше назарды арнайы әдебиеттермен жасалған жұмыстың сапасына, білімнің деңгейіне, ғылыми-әдіснамалық, тұжырымдамалық және тілдік даярлық деңгейіне, сонымен қатар шығармашылық және магистранттардың өзін-өзі тиімді дамытуға бөлінуі тиіс. Оларға мыналар жатады:

– магистрант ұсынған әдебиеттердің зерттелу дәрежесі (өзіндік баяндау, сыни рефлексия және т. б.)

– Пікір айту қисынының, дәлелдердің келісушілігін, өзінің ұстанымын қорғау мен негіздеуді бағалау және т.б.

– Магистранттардың басты әдіснамалық тәсілдерді, теорияның әртүрлілігін, тұжырымдамаларды және т.б. білуі.

– Мазмұндаудың айқындығы, ғылыми-категориальды аппаратты еркін меңгеру және т. б.

Магистранттардың білімін адекватты түрде сапалы бағалауға мүмкіндік беретін, МӨЖ-дің екі анықтаушы түрлеріне тоқталып кетейік.

Портфолио жеке оқыту үдерісі барысында құжаттама және презентация үшін ақпараттық құрал болып табылады. Ол тұрақты консультациялар мен оқытушы және басқа магистранттармен пікір алысу мәнмәтінінде ақпараттың ұқыпты жиынтығын қамтамасыз етеді (мысалы, зерттелген әдебиетті, семинарға, МӨЖ-ге дайындық).

Портфолио семинар барысында тәжірибелік және өзін-өзі ойландыратын талқылауларға назар аударады. Оның мақсаты өзінің жетістіктерінің сапасын адекватты бағалау, қабілеттілікті дамыту, оқыту барысында өзін-өзі бақылау және дербестікті жоғарылату үшін алдын ала тараптардың өзін-өзі ойландыруын арттыруға жағдай жасау болып табылады.

Портфолио келесідей элементтерді құрауы мүмкін:

- мақсаттар
- жұмыс жоспары және тайм-менеджмент
- дәйектелген дереккөздер
- әдебиетті мазмұндау
- әдебиеттер тізімі
- эссе
- презентацияның жобалары
- тезистер
- мазмұндамалар
- курстың білім беру философиясына жеке көзқарастар
- уәждеме сұрақтары
- баға беру

Портфолионың үлгісі төрт деңгейде жүзеге асырылады: қойылған өлшемдерге ең жақсы жолмен жауап беретін жұмыстарды іріктеу портфель үшін оның потенциалды пайдалылығы тұрғысынан ақпаратты саралау және жинау; әр ұсынылған жұмыстың сын пікірі, мазмұндамасы; портфолионың әрбір сыңарын өңдеу; кейінгі мақсаттарды тұжырымдау және қол жеткізген немесе қол жеткізбеген мақсаттар тұрғысынан портфолионың жеке бағасы.

Бұл жағдайда бағалаудың басты критериялары келесідей негізгі сұрақтар болып табылады:

- Мақсат тұжырымдалды ма және сол мақсатқа жетті ме?
- Оқу объектісі нақты анықталды ма?
- Оқу үдерісі қаншалықты тиімді көрсетілген?
- Оқу жетістігі қадағаланады ма?
- Өзін-өзі бағалау қабілеттілігі және өзін-өзі ұйымдастырудағы қабілеттілігі анық па?
- Қаншалықта жұмысты іріктеу қабілеттілігі анық?
- Оқудың үдерісі мен нәтижесі қаншалықты баламалы?

Стендтік сессия: стенд ақпаратты визуализация жасауға көмектесетін, презентация жасаудағы басты творчестволық құрал (әдетте ғылыми зерттеулердің тақырыбының негізгі қорытындылары көрсетіледі) Стендтік сессия – стендтің басты мазмұны негізінде шағын ғана баяндамалардан құралып, шара мүшелердің кейінгі талқылауларынан тұрады.

Стендте ғылыми зерттеулердің нақты факторлары мен басты информацияның қысқа да нұсқа түрде мәтіндік, графикалық сызбалармен және суреттермен құралу керек.

Стенд әдетте келесідей элементтермен құралады:

- Титул (тақырып стендтің басты мазмұнына сәйкес болу керек және 10 сөзден аспай, оңай оқылуы шарт)

- Кем дегенде бір кесте (таблицаны да қосуға болады, бірақ 4 қатар және 4 тармақтан аспауы шарт)

- Мәтіндік бағандар (басы мен анықтаушы мәтіннен тұру шарт)

Стендтің құрылымдауы мүмкіндігінше келесідей сұрақтарға бағытталуы шарт:

Мәселелерді шешудегі істің мәні неде? (Кіріспе)

Мәселені шешу жолдары неде болды? (әдіс)

Қандай нәтижелерге келді? (нәтиже)

Мәселеде қандай жаңа, инновациялық және қоздырушы факторлар бар (талқылау)

Стендтің баяндамалардың сапасын бағалау үшін келесідей сұрақтар қарастырылады:

- Мәселені қоюшылары анықталды ма және тиісті мақсатқа жетті ме?

- Презентация тиісті логикалық құрылымға ие болды ма?

- Стендтің графикасы, құрылымы және рәсімдеуі тиісті үлгіге сәйкес келе ме?

- Алдыңғы сессиямен тиісті логикалық қатынасы қадағаланды ма?

- Егерде презентация топтық жоба болған жағдайда магистранттардың ынтымақтастығы және координациясы қаншалықты сәтті болды?

Осылайша, магистранттарға белгілі бір шарт қойылу арқылы, керекті білімді өз бетімен шығармашылық жұмыстар жасау арқылы, өз бетімен оқулыққа керек ақпараттарды тауып, оны шығармашылық түрде өндіру арқылы керекті ой тұжырымдамасын жасап және қорытынды алу мақсатында магистрант оқу процесінен, өз бетімен білім алуға қабілетті болады дегенді меңзейді. Ол магистранттардың күрделі сипаттағы оқулық тапсырмалардың бірге жасалған жұмыстарында да негізделеді, яғни магистранттардың

кооперациясы арқылы тапсырманы ұжымдық түрде бірге жасалған күштері арқылы мәселені шешуі. Кооперативті оқу магистранттардың өзара оқудың барлық шарттарын жасау арқылы студенттердің білімдері мен икемдерін біріктіруге септігін тигізеді. Кооперативті оқуда магистранттар жұптасып немесе кішкентай топтар құру арқылы, жұмыс жасай отырып олар мұғалімдерге немесе өздерінің академиялық топтарына өзінің коллективтік жұмысының қорытындысы жайлы толық есеп беріп отырады.

Оқытушылардан магистранттар үшін алынған білімді қайта жасауды қамтамасыз ететін қарапайым орындау ғана емес, оларды жаңа, ерекше жағдайларда пайдалана алатын шығармашыл тапсырмалардың қойылуы талап етіледі. Осы кезде, тапсырмаларды орындай отырып, магистранттар өз бетінше болашақ кәсіби қызметтеріне өте тиімді болатын жаңа білім, қабілет және шеберліктерге (әсіресе, қалыпты емес жағдайда шешім қабылдау және сараптау шеберліктері) ие болады.

Өндіріске тез бейімделуге дайын ғана емес, сонымен қатар жаңа кәсіби міндеттер аясында өзіндік өзгеріске қабілетті мамандық жұмыс берушілер күтетіні сөзсіз. Өмір жаңа білім беру шынайылығын тудырады. Басқаша айтқанда, мәдени-әлеуметтік макро және мезофакторлар заманауи білім берудегі оқу-танымдық қызметті түсінудің өзгерісін анықтайды [2].

Сонымен бірге, оқу үдерісіне студенттермен жеке және топтық, қысқа және ұзақ мерзімді орындалатын міндетті құрамдас бөлік ретінде мамандық бойынша тәжірибелік жұмысты қамтитын оқу жобаларын қосу пайдаланылады.

Нәтижесі келесідей:

- Сараптамалық ойлау және сыни синтездеу қабілетін жасау, зерттеудің басты салаларының бірінде қолданылатын білім мен біліктілікті дамыту;

- Зерттеудің ақпарат пен мәліметтерді табу, бағалау және синтездеу қабілетін қосатын негізгі әдістерін түсіну; жаңа мәліметті игеру барысында оның өзектілік және жаңашылдық талабын құру;

- Нақты жағдайға жақын болып табылатын қандай да мәселені шешуге қатысты магистранттардың жұмысын ұйымдастыру;

- Шағын топтарда жұмыс жасау кезінде алынған тәжірибелік қызмет қорытындылары мен білімді зерделеу;

- Оқытуды ситуациялық модельдеу негізінде ұйымдастыру талпынысы;

- Халықаралық мәселелерді түсіну және олардың жаһандық көрінісін иелену;

– Кәсіби мүмкіндіктер деңгейін және кәсіби этика мен жауапкершілікті ұғынуды көтеру;

– Табысты, жауапкершілікті және өз бетінше қызмет етуге қажетті тәлім мен қабілеттерді дамыту;

Одан өзге формалары да қолданылады. Мысалы, магистранттарға келесідей тапсырмалар ұсынылады: халықаралық қауіпсіздікті анықтауға қатысты негізгі теоретикалық тәсілдерді салыстырмалы кесте құрастыру арқылы көрсету: әлдеқайда пікірталас тудыратын сұрақтарды алға тарту, таңдап алынған мәселе бойынша «Қазіргі халықаралық қатынастардағы әлемдік елдер мен аймақтар» 3 мақалаға ивент-сараптама жасау, «Жаңа әлемдік тәртіпті қалыптастыру және аймақтар рөлі» тақырыбына эссе жазу және т.б.

Бұл магистранттар үшін қосымша әдебиетті өз бетінше өңдеуге дағдыланатын, мәліметті жүйелеуге және жалпылауға, сонымен бірге өз бетінше түсіндіру және жаһандық, аймақаралық, ұлттық тұжырымдамаларға, аймақтық көрі-

ністер мен оқиғаларға ғылыми негізделген баға беруге үйренетін; халықаралық қатынастар, салыстырмалы саясаттану, елдік және аймақтық мәселелерді зерттеуге байланысты экономикалық теориялар аясында дайындалған ғылыми тәсіл, тұжырымдама мен әдістерді қолдануға икемдейтін; халықаралық-саяси ақпарат ағымы арасынан мазмұндық маңызды фактілерді бөліп көрсетуді және оларды қойылған міндеттері бойынша топтай алуды қалыптастыратын; нақты халықаралық жағдайға баға беру қабілетін дамытатын және тапсырманы орындауға бастапқы мәліметті анықтайтын; әлемдік экономикалық, экологиялық, демографиялық, миграциялық үдерістерге бейімделе алатын, ғаламшарлық ортаның, әлемдік экономика және әлемдік саясаттың өзара ықпалдастық механизмін түсіне алатын және ең соңында, зерттеудің жаңа әдістерін өз бетінше оқып білу, өз кәсіби қызметінің ғылыми және ғылыми-өндірістік сипатының өзгеруіне қабілетін дамытуға маңызды жұмыс түрі болып табылады.

Әдебиеттер

1 Наумова Л.К. Организация самостоятельной работы магистрантов: (направление «Педагогика»); автореф. дис. ... канд. пед. наук. – СПб., 2006. – 24 с.

2 Косолапова Л.А. Организация самостоятельной работы студентов в системе гарантий качества профессиональной подготовки специалиста в образовательных организациях высшего и среднего профессионального образования // Вестник Пермского государственного Гуманитарно-педагогического университета. – Серия №1. Психологические и педагогические науки. – 2014. – №1. – С. 67.

References

1 Naumova L.K. Organizacija samostojatel'noj raboty magistrantov: (naprav-lenie «Pedagogika»): avtoref. dis. ... kand. ped. nauk. – SPb., 2006. – 24 s.

2 Kosolapova L.A. Organizacija samostojatel'noj raboty studentov v sisteme garantij kachestva professional'noj podgotovki specialista v obrazovatel'nyh orga-nizacijah vysshego i srednego professional'nogo obrazovanija // Vestnik Permskogo go-sudarstvennogo Gumanitarno-pedagogicheskogo universiteta. – Serija №1. Psihologiches-kie i pedagogicheskie nauki. – 2014. – №1. – S. 67.